



Қазақстан Республикасы
Ғылым және жоғары білім министрлігі

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т. 29 (1)

ISSN 1814-6961
E-ISSN 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

2026. Т.29 (1)

- ТАРИХ
- ЭТНОЛОГИЯ
- АРХЕОЛОГИЯ



ISSN: 1814-6961 (print)
ISSN: 2788-9718 (online)

Отан тарихы
Отечественная история
History of the Homeland

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2026. Т. 29 (1)



Published in the Kazakhstan
Otan tarikhы
Has been issued as a journal
since 1998
ISSN: 1814-6961 (Print)
ISSN: 2788-9718 (Online)
2026. Vol. 29. Is. 1. Pp. 378–
386
Journal homepage: <https://otan.history.iie.kz>



FTAXP /MPHTI/ IRSTI 03.41.91
https://doi.org/10.51943/2788-9718_2026_29_1_378-386

Т.Н. СЕНИГОВА: БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ (1950–1970 ЖЫЛДАР)

Айдос Жеңісбайұлы Қалшабаев^{1*}, *Мадияр Елеуұлы Елеуов*²

¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Әл-Фараби даңғылы 71, 050040, Алматы, Қазақстан Республикасы)
Археология, этнология және музеология кафедрасының 2 курс докторанты
<https://orcid.org/0009-0003-7409-4193>. *e-mail: kalshabaevaidos80@gmail.com

²Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
(Әл-Фараби даңғылы 71, 050040, Алматы, Қазақстан Республикасы)
Археология, этнология және музеология кафедрасының профессоры, тарих ғылымдарының докторы
<https://orcid.org/0000-0002-6459-8019>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2026
© Қалшабаев А.Ж., Елеуов М.Е., 2026

Аңдатпа. Мақалада Т.Н. Сенигованың Батыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан аймақтарында жүргізілген археологиялық экспедициялардың тапқан жаңалықтары мен өзі қатысқан экспедициялардың ғылыми жаңалықтары қарастырылады. *Мақаланың мақсаты мен міндеттері* Т.Н. Сенигованың өзі жазған ғылыми жаңалықтары мен есептері және Марғұлан атындағы Археология институтының архивінде сақталған ғалымның, қолжазбалары негізінде жазылған археологиялық жаңалықтарын жан-жақты көрсету, талдау. *Материалдары мен әдістері* .Авторлар мақалада Т. Н. Сенигованың 1950 жылдары басталған археологиялық зерттеулерінен бастап, қатысқан экспедициялары, ашқан археологиялық ескерткіштері, есептері жөнінде архив материалдары мен ғалымның қолжазбаларындағы деректерді келтіре отырып баяндайды. Сондай ақ, ғалымның өзіне дейінгі археологтардың экспедициялары нәтижесіндегі зерттеулері мен өзі тапқан археологиялық жаңалықтарын саралаған тұжырымдары да назарға алынған. Мақалада негізінен Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Қазақстанға ұйымдастырылған экспедициялардың зерттеулері мен нәтижелері қарастырылады. *Нәтижелері.* Авторлар Т.Н. Сенигованың Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясында тапқан неолит кезеңіне жататын ескерткіштері мен табылған артефактілер жөнінде өз пікірін білдереді. Сол сияқты Оңтүстік Қазақстан экспедициясынан табылған тұрақтар мен археологиялық заттардың және Қожа Ахмет Яссауи кешенінен табылған археологиялық зерттеулер жөнінде де тұжырымдар жасайды. *Қорыта келгенде* авторлар ғалымның зерттеулері мен жаңалықтарының кейбір тұстарын көрсете отырып, Қазақстан археология ғылымындағы орнын, ғылыми әдістемесі мен тәжірибесін талдайды. Мақаланы жазу барысында хронологиялық әдіспен археологиялық зерттеулердің даму деңгейін анықтау үшін салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды. Авторлар ғалымның еңбегін көрсетуде архивтік деректерді кеңінен қолданған.

Түйін сөздер: Сенигова, археологиялық зерттеулер Қазақстан археологиясы, Батыс Қазақстан, Оңтүстік Қазақстан, экспедиция.

Дәйексөз үшін: Қалшабаев А.Ж., Елеуов М.Е. Т.Н. Сенигова: Батыс және Оңтүстік Қазақстан экспедицияларының ғылыми жаңалықтары (1950-1970 жылдар) // Отан тарихы. 2026. Т. 29. №1. С. 378–386. [қазақша]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_378-386

Т.Н. СЕНИГОВА: НАУЧНЫЕ ОТКРЫТИЯ ЭКСПЕДИЦИЙ ЗАПАДНОГО И ЮЖНОГО КАЗАХСТАНА (1950–1970 ГГ.)

Айдос Женисбаевич Калшабаев^{1}, Мадияр Елеуович Елеуов²*

¹Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(проспект Аль-Фараби, 71, 050040 Алматы, Казахстан)
докторант 2 курса кафедры Археологии, этнологии и музеологии
<https://orcid.org/0009-0003-7409-4193>. *e-mail: kalshabaevaidos80@gmail.com

²Казахский национальный университет имени аль-Фараби
(проспект Аль-Фараби, 71, 050040 Алматы, Казахстан)
профессор, д.и.н. кафедры археологии, этнологии и музеологии
<https://orcid.org/0000-0002-6459-8019>

© ИИЭ им. Ч.Ч. Валиханова, 2026

© Калшабаев А.Ж., Елеуов М.Е., 2026

Аннотация. В статье рассматриваются археологические открытия Т.Н. Сениговой, полученные в ходе археологических экспедиций в Западном и Южном Казахстане, а также научные результаты, к которым исследователь пришла в ходе участия в различных экспедициях. *Цель и задачи статьи* – всесторонне показать и проанализировать археологические открытия, описанные Т.Н. Сениговой в её научных работах и отчётах, а также на основе рукописных материалов учёного, хранящихся в архиве Института археологии имени А. Маргулана. *Материалы и методы.* В статье, опираясь на архивные материалы и данные из рукописей исследователя, рассматриваются сведения об археологических исследованиях Т.Н. Сениговой, начатых в 1950-е годы, об экспедициях, в которых она участвовала, об открытых ею археологических памятниках и составленных ею отчётах. Кроме того, учитываются выводы учёного, касающиеся исследований предыдущих археологических экспедиций и результатов собственных открытий. Основное внимание уделено исследованиям и итогам экспедиций, организованных в Западный и Южный Казахстан. *Результаты.* Авторы представляют своё мнение относительно археологических памятников неолитического периода и найденных артефактов, обнаруженных Т.Н. Сениговой в ходе Западно-Казахстанской археологической экспедиции. Также приводятся обобщения, касающиеся стоянок и археологических материалов, найденных Южно-Казахстанской экспедицией, а также исследований, проведённых на территории комплекса Ходжи Ахмеда Ясави. *В заключение* авторы, выделяя отдельные аспекты исследований и открытий учёного, анализируют её вклад в археологическую науку Казахстана, а также особенности её научной методологии и исследовательского опыта. При написании статьи использованы хронологический и сравнительно-исторический методы для определения этапов развития археологических исследований. Архивные источники широко применены при раскрытии научного наследия исследователя.

Ключевые слова: Сенигова, археологические исследования, археология Казахстана, Западный Казахстан, Южный Казахстан, экспедиция.

Для цитирования: Калшабаев А.Ж., Елеуов М.Е. Т.Н. Сенигова: научные открытия экспедиций Западного и Южного Казахстана (1950–1970 гг.) // Отан тарихы. 2026. Т. 29. № 1. С. 378–386. [на казахском]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_378-386

T.N. SENIGOVA: SCIENTIFIC DISCOVERIES OF THE EXPEDITIONS IN WEST AND SOUTH KAZAKHSTAN (1950–1970)*Aidos Kalshabaev*^{1*}, *Madiyar Eleuov*²

¹Al-Farabi Kazakh National University (71 Al-Farabi Avenue, 0500401 Almaty, Republic of Kazakhstan)
2nd year doctoral student, Department of Archaeology, Ethnology and Museology
<https://orcid.org/0009-0003-7409-4193>. *e-mail: kalshabaevaidos80@gmail.com

²Al-Farabi Kazakh National University (71 Al-Farabi Avenue, 0500401 Almaty, Republic of Kazakhstan)
Professor, Doctor of Historical Sciences, Department of Archaeology, Ethnology and Museology
<https://orcid.org/0000-0002-6459-8019>

© Valikhanov IHE, 2026

© Kalshabaev A., Eleuov M., 2026

Abstract. The article examines the archaeological discoveries of T.N. Senigova obtained during archaeological expeditions in West and South Kazakhstan, as well as the scientific results she achieved through participation in various expeditions. *The purpose and objectives* of the article are to comprehensively present and analyze the archaeological findings described by T.N. Senigova in her scientific works and reports, as well as those based on the scholar's handwritten materials preserved in the archive of the A. Margulan Institute of Archaeology. *Materials and Methods.* Drawing on archival materials and data from the researcher's manuscripts, the article reviews information on the archaeological investigations initiated by T.N. Senigova in the 1950s, the expeditions in which she took part, the archaeological sites she discovered, and the reports she compiled. In addition, the scholar's conclusions regarding previous archaeological expeditions and the results of her own discoveries are taken into account. Special attention is given to the research and outcomes of the expeditions conducted in West and South Kazakhstan. *Results.* The authors present their views concerning the Neolithic archaeological sites and artifacts discovered by T.N. Senigova during the West Kazakhstan Archaeological Expedition. They also provide summaries related to the sites and archaeological materials uncovered by the South Kazakhstan Expedition, as well as research carried out on the territory of the Khoja Ahmed Yasawi complex. *In conclusion,* the authors, highlighting specific aspects of the researcher's studies and discoveries, analyze her contribution to the archaeological science of Kazakhstan, as well as the distinctive features of her scientific methodology and research experience. The chronological and comparative-historical methods were applied to identify the stages of development of archaeological research. Archival sources were extensively used to reveal the scholar's scientific legacy.

Keywords: Senigova, archaeological research, archaeology of Kazakhstan, Western Kazakhstan, Southern Kazakhstan, expedition.

For citation: Kalshabaev A., Eleuov M. T.N. Senigova: scientific discoveries of the expeditions in West and South Kazakhstan (1950–1970) // *Otan Tarihy*. 2026. Vol. 29. № 1. Pp. 378–386. [in Kazakh]. DOI: 10.51943/2788-9718_2026_29_1_378-386

Қысқашы. Еліміздің ерте кезеңінің тарихи үдерісін жан-жақты зерттеуде археологтардың үлесі аз емес. Археологиялық зерттеулер нәтижесінде алынған деректер тарихи кезеңдеуде, тарихи құбылыстарды реконструкциялауда, даму эволюциясын көрсетуде маңызды. Қазақстанның археолог-ғалымдары еліміздің ежелгі тарихын, оның ішінде мәдениет тарихы дамуының салыстырмалы тұтас бейнесін жасауда және оны жаңғыртуда аянбай еңбек етті. Қазақстан археологиясы ғылымында көптеген жаңалықтар ашып, дамуына үлес қосты.

Бүгінде Отандық тарихта еліміздің ғылым-біліміне үлкен үлес қосқан, қазақ ғылымының дамуында із қалдырған тарихи тұлғаларды зерттеудің маңызы зор. Көрнекті ғалымдар мен қоғам қайраткерлерінің өмір жолы мен елге, мемлекеттің дамуына қосқан үлесін зерттеу арқылы олардың еңбектерін насихаттау, ғылыми айналымға енгізудің маңызы ерекше. Қазақстан археологиясына үлес қосқан тұлғаларды зерттеу арқылы біріншіден, ғалымның өмір жолы, өскен ортасы, ғалым ретінде қалыптасуы жүйеленіп, ғылыми-тәрбиелік мағлұматтар жинақталса, екіншіден ғалымның ғылыми ізденістері, тәжірибелері талданады, үшіншіден, ғалымның ғылыми жаңалықтары мен тұжырымдары

сарапталады. Сондай тұлғалардың бірі Қазақстан археология саласында аянбай еңбек етіп, аяққа енді тұрып жатқан археология ғылымының дамуына өзіндік үлесін қосып, Қазақстанның көне, орта ғасыр кезеңдеріне қатысты ғылыми жаңалықтар ашып, маңызды тұжырымдар жасаған Т.Н. Сенигова. Ғалым Қазақстанның батысы мен оңтүстігінде, Жетісуда археологиялық қазбалар жүргізіп, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, неолит, қола, ортағасыр кезеңдеріне жататын артефактілер, қоныстар мен тұрақтар, ескерткіштер ашып, тұжырымдар жасады.

Біз бұл мақалада Т.Н. Сенигованың археология саласындағы ғылыми ізденістерінің кейбір тұстарына, оның ішінде Батыс Қазақстан мен Оңтүстік Қазақстанға жүргізген археологиялық экспедиция барысында ашқан жаңалықтары мен ғылыми концепцияларын қарастырамыз.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Ғалымның еңбектері негізінен Ә.Марғұлан атындағы Археология институты архивіндегі №11 қорда сақтаулы. Мақаланы жазу барысында аталған қордың 2 тізбенің 241, 243, 259, 278 істері мен 5-тізбенің 607 іс қағаздарындағы материалдар негізге алынды. Мұнда ғалым-археологтың өз қолтаңбасымен жазылған ғылыми есептері, ашқан жаңалықтары мен оларды талдаған тұжырымдары, т.б. деректер кеңінен кездеседі. Қазақстан археологиясына қатысты тапқан жаңалықтары, еңбектері, атап айтқанда «По Западной Казахстанской и Гурьевской областям», «Археологические исследования в Южном Казахстане: история и методология», т.б. экспедициядағы ғылыми есептері мен тұжырымдары мақалаға арқау болды. Оның еңбектеріндегі археологиялық ескерткіштерді зерттеу әдістері, Батыс Қазақстандағы тұрақтар мен ескерткіштер, археологиялық артефактілер жөніндегі тұжырымдары Қазақстанның көне тарихын қалыптастыруда маңызды дерек. Археолог ғалымның археологиялық қазба жұмыстары мен зерттеулердің ғылыми әдістемесін жетілдіруде, ежелгі қоныстар мен жерлеу орындарын зерттеуде, олардың мәдени стратиграфиясын, әлеуметтік құрылымдарын анықтауда Қазақстан археологиясына қосқан үлесі маңызды екендігін көрсетеді.

Ғалымның өзі жазып кеткен зерттеу еңбектері де талданып, мақаланың мазмұнын ашуда қолданыс тапты. Атап айтқанда «Отчет о работе Западно-Казахстанской археологической экспедиции 1953 г.» [Сенигова, 1956: 140–156]. «Находки кремня в западных районах чинка Усть-Урта и в Приаральских Кызылумах» [Сенигова, 1951: 122–124], т.б. еңбектеріндегі материалдар алынды. Сондай-ақ, ғалымның Қазақстан археологиясына қосқан үлесі жөнінде жазылған зерттеулер де мақалада көрініс тапты.

Мақалада ғылыми объективтілік пен тарихилық қағидасын негізге алған кешенді тәсіл қолданылды. Тарихилық әдіс қағидасы негізінде өткен тарихымыздың толық картинасын қалыптастыратын құбылыстар талданып, бағаланды. Талдау әдісін қолдану кейбір ескерткіштерді ашу және зерттеуде, археологиялық мәдениетті сипаттауда, зерттеушілердің қорытындысын талдауға мүмкіндік береді.

Компаративті немесе салыстырмалы әдіс мақалада басқа да археологтардың әлемдегі ғылыми танымның іргелі мәліметтерімен салыстыруда қолданыс тапты. Типология әдісі ғылыми зерттеуде ең маңызды болып табылады, ең маңыздыларын көрсететін құбылыстар мен процестерді салыстыруға негізделген бұл әдісті біз мақалада ғалымның ашқан жаңалықтарын топтап, кезеңдерге қарай көрсетуге мүмкіндік алдық.

Жүйелік тәсіл барлық тарихи процестерден туындайды, жүйеде орналасқан және элементтер бойынша соның ішінде сыртқы элементтермен өзара байланысты. Объективтілік-принцип материалдар мен археологиялық дереккөздерді түсіндіруде қолданылды.

Мақаланы жазу барысында ғалымның ғылыми қызметі мен зерттеулерін көрсетуде хронологиялық әдісті, сонымен қатар ғалымның еңбектеріндегі қалалардың даму деңгейін анықтауда салыстырмалы-тарихи әдістер қолданылды.

Жүргізілген зерттеу жұмыстарының нәтижелері осы күнге дейін назардан тыс қалып келген археологиялық ескерткіштердің бастапқы жіктелуі мен кезеңделуін жасауға мүмкіндік бере отырып тарихи географияның бірқатар мәселелерін, атап айтқанда, жазба деректерде аталған қалалардың нақты тарихи атауларымен қала жұрттарының сәйкестігі салыстырмалы түрде зерттелді. Сондай-ақ Мауераннахр, Соғды, Хорезм және басқа да көршілес саяси бірлестіктермен арадағы саяси, экономикалық және мәдени байланыстардың негізгі бағыттарын анықтауда жанаша көзқарас туындатты.

Талдау және нәтижелер

Т.Н. Сенигованың Батыс Қазақстан экспедициясы ғылымы жаңалықтарын талдау.

Сенигова Таисия Николаевна кіші ғылыми қызметкер лауазымында ҚазақКСР ҒА Археология және этнология зерттеу институтына (ИИАЭ) 1946 жылдың желтоқсанынан бастап қызмет етті. Осы кезеңнен бастап Қазақстан археологиясының дамуына өзіндік үлес қосып, жаңалықтар ашты.

1950-1952 жж. Қазақстан археологиясындағы ғылыми зерттеулері жөнінде Т.Н. Сенигова өзінің ғылыми есептерінде: «Соңғы жылдары Қазақстан территориясында археологиялық жұмыстар қызу жүрді. Орталық Қазақстанда басталып, Шығыс Қазақстанда жалғасты, одан кейін Оңтүстік-Қазақстан археологиялық экспедициясы КСРО ҒА байланыста жұмыс жүргізіп Сырдарияда, Батыс Қазақстанда қазба жұмыстарын жүргізді. Жүргізілген зерттеулер Қазақстанның ерте және орта ғасыр кезеңдері үшін маңызды материалдар берді» [Ә. Марғұлан атындағы АИА. Қ. 11. Т. 2. І. 241. П. 1], – деп жазады. Ақиқатында осы кезеңдерде атқарылған жұмыстардың нәтижелері көне және ортағасырлық Қазақстан тарихын зерттеу үшін құнды материалдар екендігі сөзсіз. Мәселен, Батыс Қазақстаннан табылған неолит, қола, ерте темір дәуірінің тұрақтары аймақта тұрғындардың үздіксіз қоныстану үдерісі жүргендігін көрсетеді. Сонымен қатар, әртүрлі археологиялық қазба жұмыстары барысында жыл сайын табылып отырған олжалар да осы күнге дейін айтарлықтай ғылыми құндылыққа ие.

1950 жылдары Орал-Көшім суландыру жүйесінің құрылысының жоспарлануына байланысты ҚазКСР ҒА Тарих, археология және этнография институты 1953 жылы Т.Сенигованы Батыс-Қазақстан археологиялық экспедициясына жетекші етіп тағайындады. Нәтижеде неолит, қола, ерте темір дәуірінің тұрақтарын табады. Зерттеу барысында Орал қаласы, Райым көлдері, Қамыс-Самар өзені, Үлкен және Кіші өзендер аудандары зерттелді. Құмды төбелер тұрақтарынан қола дәуіріне жататын материалдар да көптеп табылды. Жаңақала ауданында Сорай және Райм өзендері жағалауынан құмды қоныстар, Жасқұсқұм құмының солтүстік және оңтүстік бөлігінен қола пышақ табылды [Кукушкин, 2019: 62].

Т.Н. Сенигова осы Кіші Өзеннің сол жақ жағалауынан табылған қорған жөнінде өз есебінде: «Новая Казанка ауылынан 6 шақырым солтүстік–шығыста жатқан Жасауыл елді-мекенінде жергілікті тұрғындар арасында Қара оба деген атпен белгілі үлкен қорғандар бейітіне зерттеу жүргіздік. Қорғандардың көпшілігі жоғарыда сипаттаған қорғандарға ұқсайды. Бірақ олардың арасында кішірек басқа үлгілер түріде кездеседі. Олар жақсылап үйілген үйінділер, диаметрі 5-10 м, биіктігі 30 смден 1 метрге дейін келеді. Барлығы Қара-Оба қорымынан 12 қорған қазылып, оның жетеуінде скиф-сармат кезеңінің 12 обасы және кейінгі VIII-XIII ғғ. жататын 2 көшпенділердің жерлеу орындары табылды» [Ә. Марғұлан атындағы АИА. Қ. 11. Т. 2. І. 278. П. 18], – деп жазады. Сенигованың жүргізген Қара-оба қорымынан табылған жерлеу орындары Солтүстік Каспий өңірі аймағында кездесетін басқада обалармен ұқсастықтары айқын байқалады. Мысалға, 2020-2023 жылдары Атырау облыстық тарихи-өлкетану музейінің Атырау облысы, Милы және Құрманғазы аудандарында жүргізген археологиялық қазба жұмыстары барысында скиф-сармат тайпаларына тиесілі обаларда да Қара-обадағы сияқты ерте орта ғасырға тиесілі жерлеу орындары көптеп кездесті. Негізгі обалардың өзі б.з.б II-IV ғғ. тиесілі болса кейінгі жерлеулер ерте ортағасыр көшпенділеріне, яғни б.з IX-XI ғғ. жататындығын көрсетті.

Осы Сармат тайпаларының Көрпембай және Қараоба қорымдарындағы обалардың хронологиялық кезеңін былай бөледі: біріншісі б.з.б. III-I ғасырларға жатады (Көрпембай- 1-7; Қараоба-1-3,5-11), екіншісі (Көрпембай-6-8) б.з. I-III ғасырларымен мерзімделеді [Байғұнақов, 2008: 8]. Мұнан басқа Орал өзені бойымен Тайпақ ауданының Қалмыково ауылы маңайынан қола ғасырының жеті, Жәнібек ауданының оңтүстік-батыс бөлігінен тоғыз археологиялық нысан ашылды [Сенигова, 1956: 140–156].

Т.Н. Сенигова Қазақстанның батыс бөлігіндегі археологиялық зерттеулер жүргізіп қоймай, ол өзіне дейінгі зерттеулерді де талдап, өз тұжырымдарын бере білген. Мәселен, Батыс Қазақстанның қола дәуірінің қорғандары негізінен Орал өзені, Үлкен, Кіші Өзен, Шаған және Деркөл өзендері бойында шоғырланғанын айтады. Батыс Қазақстаннан биіктігі 30 метрге дейін жететін төбелер болып үйілген дөңес құм жотасынан табылған археологиялық олжаларды 1950 жылы Қазақ КСР ҒА таныстырылды. Бұл құм тізбектері «Аманкелді» колхозына тиіп, ол Гурьев (Атырау) және Ақтөбе облыстарының шекарасында жатқан Сам құмдарының жалпы бөлігін құрады. Бұл аудандарда археологиялық зерттеулер жүргізілмеген, ал ежелгі кезеңде-ақ бұл орындарда көне адамдардың өмірі болғандығын куәландыратын кездейсоқ табылған заттар институттың анықтауына жіберіледі [Сенигова, Фелин, 1959]. 1950 жылы ВАСХНИИ Қазақ филиалының жем-шөп және жайылым институты экспедициясына қатысушылары ауылшаруашылық ғылымының кандидаты А.Ч. Чаел Сам құмдарынан материал тауып, тарих, археология және этнография институтына табыстайды.

Хронологиясын анықтау археологтарды қызықтырды. Табылған керамикалық олжалар ішінде ең жақсы сақталғаны – ыдыстың пішіні, ол бойынша оның формасы толық қалпына келтірілді. Профиліне қарағанда, бұл – сыртқа қарай қайырылған ернеуі, біртіндеп дөңгеленген түпке ауысатын жұмыр корпусы бар ыдыс. Қайырылған ернеуі 20 см, ыдыстың биіктігі 20-25 см, қабырға қалыңдығы 1 см, ыдыстың шетінен 1,5 см қашықтықта бір сызық бойымен орнамент жүргізілген. Ол жартылай сопақ ойықшалар түріндегі бедерлі шұңқырлардан тұрады. Бұл ойықшалар өз кезегінде жүлгелермен жалғасқан рельефті төмпешіктермен кезектесіп отырады [Ә. Марғұлан атындағы АИА. Қ. 11. Т. 2. І. 241. П. 67]. Т.Н. Сениговаға Қазақстанның археологиялық картасын құруға оның ішінде Батыс Қазақстан мен Гурьев облыстарының археологиялық ескерткіштерінің ғылыми сипаты жазылған карточкасын жасау тапсырылады. Археологиялық карта өзіне дейінгі жасағандардың тәжірибесіне сүйеніп және өзінің жиналған материалдарын қорыта отырып ескерткіштерді кезеңдерге қарай топтайды:

1. Кіріспе, жұмыстың міндеттері және өлкенің зерттелу деңгейі кіреді.
2. Ескерткіштерді тарихи кезеңдер бойынша хронология бойынша бөлу: палеолит, неолит, қола, скиф-сармат, түркілер, монғолдар.
3. Археологиялық картаға түсіндірме, мұнда өз кезегінде нақты координаты бар мәліметтерге бөлінеді.

4. Картаға қосымша, мұнда II бөлімнің ешқандай кезеңіне жатпайтын, кездейсоқ әртүрлі сипаттағы мәліметтер.

5. Библиография, археологиялық картаны құрудағы әдебиеттер, оның өзі нақты географиялық координаты бар және жалпы және координаты белгісіз деп бөлінді [Сенигова, 1956: 30]. Әрине ғалымның бұл еңбегі жарияланған тарихи-археологиялық материалдарды зерттеп, қорыта отырып, аталған облыстардың археологиялық ескерткіштерін айқындауға мүмкіндік беріп, экспедициялық жұмыстар жүргізіп облыстың тарихи бет-бейнесін аша алады. Сондай ақ, зерттеушілер археологиялық жұмысын ары қарай жүргізуге де бағыт бағдар береді. Батыс Қазақстан мен Гурьев облыстарының географиялық жағдайы да ежелгі тайпалардың саяси тарихындағы көптеген мәселелерді айқындауда, мәселен төменгі Поволжья, оңтүстік орыс даласы мен Орал өңірі және Орта Азияның мәдени байланыстарын дәлелдеуде маңызды. Т.Н. Сенигова зерттеген бұл аймақтар соңғы жылдарға дейін археологтардың назарынан тыс қалды [Сенигова, 1960: 46], – деп жазады. Т.Н. Сенигованың археологиялық зерттеулерінің нәтижелері Қазақстанның археологиялық картасында көрініс тапты [Сенигова, 1960: 46].

Т.Н. Сенигова Қазақстан ҒА археология бөлімінде қызмет атқара жүріп, бірнеше кешенді экспедицияларға, атап айтқанда белгілі ғалым С.П. Толстов жетекшілігіндегі Хорезм АЭЭ жұмыстарына, археологиялық қазба жұмыстарына белсене қатысады. Мәселен, Тайпақ ауданы бойынша Базар-Төбе ауылына жақын орналасқан неолит тұрағын (№166-178) тапты [Ә. Марғұлан атындағы АИА. Қ. 11. Т. 5. І. 609. П. 26–27]. Мұнан басқа археолог Сенигова, Хорезм экспедициясында жинаған материалдары мен тәжірибесі арқасында Алтын-асар қалашығының керамикасын зерттеп, кандидаттық диссертациясын қорғайды [Сенигова, 1954].

Ол Батыс Қазақстан облысындағы ескерткіштерді аудандар бойынша тізімге алуға қатысты. Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясын басқарған Т.Н. Сенигова осы өңірден табылған археологиялық ескерткіштерді үш хронологиялық топқа бөледі. Бұл жөнінде археолог-ғалым Д.С. Байқонақов та өз мақаласында былай көрсетеді: «Олар: рулық қауым ескерткіштері (неолит соңынан қола дәуірі бас кезіне дейін); сармат тайпалық бірлестіктеріне жататын б.з.б. III – б.з. III ғасырларындағы ескерткіштер; XI–XIII ғасырлардағы көшпелілер ескерткіштері» [Байғұнақов, 2008: 6–12].

Сонымен, ғалым институт қабырғасында белсенді де белгілі ғылыми қызметкер бола жүріп, 1953-1954 жылдары Батыс Қазақстан археологиялық экспедициясының жұмысын басқарып скиф-сармат қорғандарына зерттеу жұмыстарын жүргізіп, өңірдің археологиялық ескерткіштерін аудандар бойынша есепке алып, Қазақстан тарихында маңызды жаңалықтар ашты [Сенигова, 1956: 140–156].

Т.Н. Сенигованың Оңтүстік Қазақстан экспедициясындағы ғылыми жаңалықтары. Т.Н. Сенигова 1972-1975 жылдары ОҚКАЭ археологиялық зерттеу жұмыстарына қатысып, «Түркістан» қалашығында қазба жұмыстарына жетекшілік етіп, Түркістан отрядын басқарды. Бұл экспедицияда Т.Сенигова алғаш рет «Күлтөбе» қалашығы жөнінде мәліметтерді береді, оның төбешігінің батыс жағында XVIII–XIX ғасырларға жататын тұрғын үйлер кешенін ашады [Сенигова, 1977: 42–58].

Т.Н. Сенигова «Түркістан» қалашығында жүргізілген археологиялық жұмыстардан Қазақ КСР Мәдениет министрлігі қызметкері Н. Алдабергеновтың 1972 жылы (Қожа Ахмет Яссауи мұнарасының-минаретінен 32 м. Оңтүстік-шығыста шахристанның шығыс бөлігіне салған шурфтарын атап өткен жөн. Сырттай шурф траншей (10x2 м.), күйдірілген кірпіштен қаланған бір қазіргі ғимараттың іргетас ішіне салынған [Сенигова, 1975: 29]. Солтүстік-батыстан ұзындығы оңтүстік-шығысқа қарай бағытталған және екі жақтан да тереңдете шурф тәріздес «траншея материктік (табиғи) қабатқа дейін қазылмаған», – деп көрсетеді Сенигова өз есебінде. 1972 жылы және арагідік 1973 жылы Қожа Ахмет кесенесіне ондағы әртүрлі мемориалдық бөлмелерге жүргізілген қазба жұмыстарынан XV-XVI ғғ. Ежелгі Түркістан мәдениеті бойынша маңызды деректер береді. Ғалым сонымен қатар кесененің толық құрылымын, оның орнынан табылған археологиялық заттар мен қыш ыдыстар жөнінде де мәліметтер береді. Ол [Сенигова, 1975: 33]. Түркістан қаласындағы Қожа-Ахмет Яссауи кесенесінен табылған ыдыстың бір бөлігі жасыл және кара түсті геометриялық өрнектермен безендірілгенін айтады. Сондай ақ, археологиялық хум түбі сақталмаған. Сыртқы бетінде бедерлі сызықтар байқалады. Жоғарғы бөлігі – жапсырма түрінде жасалып, медальондармен өрнектелген, яғни әлі толық оқылмаған жазулары бар таңбаларының бедерлері түсірілген. Осындай кесенеден табылған керамикалық ыдыстардың суреттері қолмен сызылып, бояу түстеріне дейін нақты көрсетіледі [Ә. Марғұлан атындағы АИА. Инв. № 260].

Т.Н. Сенигова жоғарыда көрсетілген есептің 70-73 парақтарында Есім хан мавзолейінде жасалған жұмыстар жөнінде былай дейді: «Мавзолей, Қожа Ахмет кешенінің оңтүстік батыс мұнарасынан 12,25 м. жерде орналасқан. Зерттеу жұмысы 1958 жылы жүргізілді, бірақ зерттеушілердің айтуына қарағанда барлық ескерткіш қазыла қойған жоқ, тек екі шурф қана (тереңдігі 3,5 м. жететін 2x3 және 2,80x2) қаланды. Сондықтан мавзолейдің конструктивті ерекшелігі жөнінде толықтай мәлімет алынбады. Оның батыс жақ қабырғасы және ескерткіштің сыртқы контуры ашылмады, ішкі конструкциясын топырақ жауып тұрды. Қазіргі кезде Ахмет Яссауи мавзолейі айналасына құрылыстар салынуына байланысты қабырғалары бұзылып, құлаған [Сенигова, 1977: 42–58].

Әдебиеттерде Ахмет Яссауи кесенесінің жанында қазақ ханы Есімге көркем безендірілген мазар салынғаны туралы деректер бар. Сондай-ақ ескерткіштің жер бетіндегі бөлігіндегі түрлі-түсті қаптамамен жасалған сәулеттік әшекейлері XVI-XVII ғасырларға тән екені байқалады. Бұл мәліметтер оның Есім ханның қабірінің үстіне тұрғызылған болуы мүмкін деген жорамал жасауға мүмкіндік береді» [Ә. Марғұлан атындағы АИА. Инв. №260. П. 70-73].

Т.Н. Сенигованың Оңтүстік Қазақстан экспедициясы құрамындағы тағы бір жаңалығы Ақтөбе тұрағын зерттеуі. Тұрақ 1957 жылы Оңтүстік Қазақстан археологиялық экспедициясының (ОҚАЭ) арқасында табылады. 1958 жылы Т. Сенигова қазба жұмысын бастайды. Оған ҚазКСР ҒА тарих, археология және этнография институтының лаборанты А.А. Чариков, Институттың кіші ғылыми қызметкері М.С. Мершиев қатысты. Ақтөбе тұрағы Баба-Ата көлінен сол жағалауындағы төбешікте Баба-Ата қалашығынан (Оңтүстік Қазақстан облысы Созақ ауданы) солтүстік батысқа қарай 7 км. жерде орналасқан. Тұрақты айнала ұсақ шоқылар арасында тас үйінділері бар жалғыз қорғандар да бар. Аталған қорғандар арасында IX ғ. қазірге дейін белгілі тас қорғандар мен тас төсеу де кездеседі. Мұнан басқа XIX ғ. жататын 3-4 бөлмеден тұратын саз балшықты бөлмелер де бар. Археолог Т. Сенигова: «Мол шөбі бар кең жазық дала мен су көздерінің молдығы ежелгі тұрғындарды да қызықтыруы мүмкін», – деген пікірді айтады [Сенигова, 1958-1959: 110].

Ол Ақтөбе тұрағының құрылысы мен құрылыс материалдары жөнінде, бөлмелердің саны мен оның қолданысы, онан табылған ыдыс аяқтар мен құрал саймандар жөнінде деректер береді.

Ғалым «Түркістан» қалашығының топографиясы және ескерткіштің қазіргі жағдайы жөнінде XX ғасырдың екінші жартысында Қазақстан археологиясының ортағасырлық қалалар мәдениеті мен одан табылған артефактілер және мәдени мұраларды зерттеумен айналысты. Ол Оңтүстік Қазақстан өңіріндегі ортағасырлық қала мәдениетін зерттей отырып, Қазақстан тарихында қалалардың орны мен рөлін, олардың қазақ мәдениетінің қалыптасу тарихында маңызды екендігіне көңіл аудартады.

Т.Н. Сенигованың Қазақстан археологиясына қосқан үлесі сонда, ол өзінің ғылыми зерттеулерінде тек Ортағасырлық қалаларды ғана емес, сондай ақ, ежелгі сақ, ғұн және түркі мәдениеттерін жан-жақты ашатын құнды деректерді жинап ғылыми айналымға енгізе білген жан. Мәселен, Орталық Қазақстандағы тас дәуірі ескерткіштерін, Қазақстанның орталық және оңтүстік өңірлеріндегі ежелгі қоныстарды зерттеуде де маңызды болды. Оның зерттеулері, әсіресе, Қазақстанның археологиялық ғылымының дамуына айтарлықтай үлес қосты. Ғалымның еңбектері

тек қазақстандық археологияның дамуына ғана емес, сонымен қатар Орталық Азияның ортағасырлық мәдениетін зерттеуде де көп үлесі бар. Оның еңбектері ортағасырлық қалалардың дамуындағы негізгі саяси, әлеуметтік-экономикалық факторларды, өңірлер арасындағы сауда-саттық байланыстарды, ондағы сауда жолдарының рөлін, қала өміріндегі әлеуметтік құрылымдарды зерделеуге мүмкіндік береді.

Белгілі ғалым-археолог Т.Н. Сенигова өзінің зерттеулерін Ортағасырлық қалалар мәдениетіне көбірек көңіл бөлді. Ортағасырлық қалалардың қалыптасуын зерттей отырып, олардың архитектурасы, жоспарлануы және тұрмыс ерекшеліктерін айқындады, ал бұл өз кезегінде сол дәуірдегі қоғамның әлеуметтік және экономикалық даму деңгейін бағамдауға қол жеткізеді. Мәселен, Т.Н. Сенигованың Оңтүстік Қазақстанда жүргізілген экспедицияларының нәтижесін көрсеткен есепте Сырдарияның орта ағысына тиіп жатқан таулы Қаратау массивін зерттеп, 97 қоныстың орындарын, 50-ден аса қорғандар тобын қорған есепке алғандығын жазады. Бұл жерлерде жүргізілген зерттеулерде олар көбіне көшпелі мал шаруашылығымен айналысатындармен отырықшы егіншілер арасында өзара қарым-қатынас мәселелеріне, сондағы тұрғындардың экономикасы мен мәдениетіне көңіл бөледі [Ә. Марғұлан атындағы АИА. Қ. 11. Т. 2. І. 241. П. 2].

Қорытынды. Қазақстан археологиясы ғылымы даму тарихында Т.Н. Сенигованың зерттеулерінің орны айрықша орын алады. Ғалымның зерттеулері қазақ елінің тарихи бейнесі мен кезеңдерін қалпына келтіруде маңызы ерекше. Оның Оңтүстік Қазақстан археологиясын зерттеу барысында қолданған теориялық тұжырымдары мен практикалық тәсілдері, өңірден табылған археологиялық нысандардың тарихи даму эволюциясын көрсетуде маңызды. Ғалым Т.Н. Сенигованың археологиялық қазбалары мен ғылыми зерттеуде алынған нәтижелері мен тұжырымдары Қазақстан археологиясына қосқан тарихи деректердің маңызды бір үлесі деуге болады. Қазіргі таңда Т.Н. Сенигованың ғылыми еңбектері археолог-ғалымдардың ғылыми ізденістерінде таптырмас дереккөз, ал зерттеу әдістері тәжірибе көзі болып табылады. Ғалым Т.Н. Сенигованың маңызды еңбегінің бір тұсы-ол әлі көп зерттеле қоймаған Батыс Қазақстан археологиясын зерттеуі. Оңтүстік Қазақстан экспедициясы нәтижесінде Қожа Ахмет Яссауи кешенін зерттеуі, ондағы Қазақстан тарихындағы Есім хан кесенесін, т.б. зерттей отырып, өз тұжырымдарын беруі Қазақстан тарихындағы маңызды деректер. Ғалымның археологиялық зерттеулері еліміздің археология ғылымының дамуына қосқан үлес, әрі археология саласын жаңа ғылыми деңгейге көтерді деуге болады. Т.Н. Сенигованың қолданған зерттеу әдістері мен тәсілдері қазіргі уақытта да біздің археологиялық қазба жұмыстарымызда маңызды тәжірибе көзі бола алды. Ғалымның зерттеулерінің маңыздылығы сонда, оның археология саласында ашқан жаңалықтары тек тарихи деректермен ғана шектелмейді, ол сол кезеңдегі құбылыстар мен саяси оқиғаларға өз көзқарасын да бере білген. Оның археологиялық тұжырымдары мен әдістемелік ұсыныстары, археологиялық қазба жұмыстарындағы жаңа тәсілдері бүгінге дейін археологиялық зерттеулерде қолданыс табуда.

Қорыта келе Т.Н. Сенигованың археология ғылымы саласындағы зерттеулері мен жаңалықтары еліміздің тарихи-мәдени мұрасына үлкен үлес қосты десек, әрі қазақ археологиясын бір белеске көтерген ғалым. Біз мақалада ғалымның археологиялық зерттеулерінің кейбір тұстарын ғана қарастырдық. Басқа да ғылыми мұралары жеке зерттеулерге арқау болады.

Дереккөздер

Ә. Марғұлан атындағы АИА – Ә. Марғұлан атындағы Археология институтының архиві.

Әдебиеттер

Байғұнақов, 2008 – *Байғұнақов Д.С.* Т.Н. Сенигова еңбектеріндегі көне дәуір мен ортағасырлар тарихының кейбір мәселелері // ҚР ҰҒА Хабаршысы. Қоғамдық ғылымдар сериясы. 2008. № 2. 6–12-бб.

Кукушкин, 2019 – *Кукушкин А.И.* Эпоха бронзы Казахстана в трудах отечественных и зарубежных исследователей. Дисс. ...докт. философии PhD. Караганда, 2019. 248 с.

Сенигова, 1951 – *Сенигова Т.Н.* Находки кремня в западных районах чинка Усть-Урта и в Приаральских Кызлкумах // Известия АН КазССР. 1951. Вып. 3. С. 122–124.

Сенигова, 1954 – *Сенигова Т.Н.* Керамика городища Алтын-Асар: опыт историко-археологической периодизации, построенной на материалах Хорезмской экспедиции Академии наук СССР, 1946–1951 гг.: Дисс. ... канд. ист. наук: 07.00.00. М., 1954. 201 с.

Сенигова, 1956 – *Сенигова Т.Н.* Археологические материалы по Западно-Казахстанкой и Гурьевской областям // АИА им. Маргулана. Рукопись. Л. 30.

- Сенигова, 1956 – *Сенигова Т.Н.* Отчет о работе Западно-Казахстанской археологической экспедиции 1953 г. // Труды Института истории, археологии и этнографии Казахской ССР. 1956. Т. 1. С. 140–156.
- Сенигова, 1958–1959 – *Сенигова Т.Н.* Отчеты Могильник поселение Актобе // Поселение Актобе. Материалы 1958–1959 гг. С. 110.
- Сенигова, 1960 – *Сенигова Т.Н.* Материалы к археологической карте по Гуревской и Западно-Казахстанской областях. Инв. № 47. // Археологическая карта Казахстана / Под ред. К.А. Акишева. Алма-Ата: Издательство АН КазССР, 1960. С. 46.
- Сенигова, 1975 – *Сенигова Т.Н.* Отчет об археологических раскопках а «охранной зоне» архитектурно-мемориального комплекса Ходжи Ахмеда Яссави (1972–1974 гг.). Алма-Ата, 1975. Инв.1372.
- Сенигова, 1977 – *Сенигова Т.Н.* Культовые сооружения около мавзолея Ходжи Ахмеда Ясеви // Археологические исследования в Отраре. Алма-Ата: Наука, 1977. С. 42–58.
- Сенигова, Фелин, 1959 – *Сенигова Т.Н., Фелин И.Ф.* Археологические находки левобережье Сыр-Дарьи // Известия Академии наук Казахской ССР. Серия археологическая. 1959. Вып. 4.

Sources

A. Margulan atyndagy AIA – A. Margulan atyndagy Arheologia institutynyn arhivi [Archive of the Institute of Archeology named after Margulan]

References

- Baigunakov 2008 – *Baigunakov D.S.* Senigovanyň enbakterindegi kone dauir men ortagasyrlar tarihyňyn keibir maseleleri [Some issues of ancient and medieval history in the work of T.N Senigovany]. *QR UGA Habarshysy*. Qogamdyq gylymdar seriasy. 2008. № 2. Pp. 6–12. [in Kazakh]
- Kukushkin, 2019 – *Kukushkin A.I.* Epoha bronzy Kazahstana v trudah otechestvennyh i zarubezhnyh issledovatelei [Bronze Age of Kazakhstan in the works of domestic and foreign researcher]: Diss. ...dokt. filosofii PhD. Karaganda, 2019. 220 p. [in Russian]
- Senigov, 1951 – *Senigov T.N.* Nahodki kremnya v zapadnyh raionah chinka Ust-Urta i v Priaralskih Kyzylkumah [Findings of flint in the western regions of Chinka Ust-Urta and in Priaralskih Kyzylkumah]. *Izvestiya AN KazSSR*. 1951. Вып. 3. Pp. 122–124. [in Russian]
- Сенигова, 1954 – *Сенигова Т.Н.* Керамика городища Алтын-Асар: опыт историко-археологической периодизации, построенной на материалах Хорезмской экспедиции Академии наук СССР [Ceramics of the Алтын-Асар settlement: an attempt at historical and archaeological periodization based on the materials of the Khorezm expedition of the USSR Academy of Sciences] 1946–1951 гг.: Dissert. ... kand. ist. nauk: 07.00.00. М., 1954. 201 p. [in Russian]
- Сенигова, 1956 – *Сенигова Т.Н.* Археологические материалы по Западно-Казахстанской и Гуревской областям [Archaeological materials on the West Kazakhstan and Guryev regions]. *AIA im. Margulana*. Rukopis. L. 30. [in Russian]
- Сенигова, 1956 – *Сенигова Т.Н.* Отчет о работе Западно-Казахстанской археологической экспедиции 1953 г. [Report on the work of the West Kazakhstan archaeological expedition in 1953]. *Trudy Instituta istorii, arheologii i etnografii Kazahskoj SSR*. 1956. Т. 1. Pp. 140–156. [in Russian]
- Сенигова, 1958–1959 – *Сенигова Т.Н.* Отчеты Могильник поселение Актобе [Reports of the burial ground of the Aktobe settlement]. *Сенигова Т.Н. Поселение Актобе*. Материалы 1958–1959 гг. P. 110. [in Russian]
- Сенигова, 1960 – *Сенигова Т.Н.* Материалы к археологической карте по Гуревской и Западно-Казахстанской областям. Инв. №47 [Materials for the archaeological map of the Gurev and Western Kazakhstan regions. Inv. No. 47]. *Arheologicheskaya karta Kazahstana*. Pod red. K.A. Akisheva. Alma-Ata: Izdatelstvo AN KazSSR, 1960. 46 p. [in Russian]
- Сенигова, 1975 – *Сенигова Т.Н.* Отчет об археологических раскопках а «охранной зоне» архитектурно-мемориального комплекса Ходжи Ахмеда Яссави (1972–1974 гг.) [Отчет об археологических раскопках а "protection zone" architectural-memorial complex Ходжи Ахмед Яссави (1972–1974)]. Алма-Ата, 1975. Инв.1372. [in Russian]
- Сенигова, 1977 – *Сенигова Т.Н.* Культные сооружения около мавзолея Ходжи Ахмеда [Religious buildings near the mausoleum of Khoja Ahmed Yasevi]. *Arheologicheskije issledovaniya v Otrare*. Алма-Ата: Наука, 1977. Pp. 42–58. [in Russian]
- Сенигова, Фелин, 1959 – *Сенигова Т.Н. Фелин И.* Археологические находки левобережье Сыр-Дарьи [Archaeological finds on the left bank of the Syr Darya]. *Izvestiya Akademii nauk Kazahskoj SSR*. Seriya arheologicheskaya. 1959. № 4. [in Russian]

МАЗМҰНЫ/ СОДЕРЖАНИЕ/CONTENT
ОТАН ТАРИХЫ. 2026. Т. 29. № 1

<i>Касымова Д.Б., Капаева А.Т., Кудайбергеноулы Б.</i> О «ФЕОДАЛЬНО-БАЙСКИХ ПЕРЕЖИТКАХ» В КАЗАХСКОЙ ССР: ДИСКУРС, ПРАВО И ПРАКТИКИ.....	5
<i>Козина В.В., Уалтаева А.С., Баймагамбетова А.А.</i> СОЦИАЛЬНО-ДЕМОГРАФИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ МОНОГОРОДОВ КАРАГАНДИНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	22
<i>Мамраймов С.</i> КЕҢЕСТІК АГРАРЛЫҚ САЯСАТ АЯСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЖЫМДАСТЫРУ МЕН БАЙ-ШАРУАШЫЛЫҚТАРДЫ ТӨРКІЛЕУ (1928–1933 жж.).....	40
<i>Turgunbayev I.Ye., Moryakova M.T., Zhanatayeva K.B.</i> VILLAGE INSTITUTES IN TÜRKIYE AS AN INSTRUMENT OF CULTURAL POLICY.....	54
<i>Sissenbayeva A.A., Kalybekova M.Ch.</i> THEORETICAL AND SOURCE BASE FOR THE STUDY OF HISTORY OF KAZAKHSTANI PRISONERS OF WAR IN CONCENTRATION CAMPS ON THE TERRITORY POLAND DURING THE WORLD WAR II.....	66
<i>Жолдасұлы Т., Досым А.Б.</i> ҚЫЗЫЛОРДАДАҒЫ ИСЛАМНАН ӨЗГЕ ДІНИ ҰЙЫМДАР: СОВЕТТІК КЕЗЕҢ ТӘЖІРИБЕСІ (1960–1980 ЖЖ.).....	77
<i>Zhumatay G., Yskak A.</i> TSARIST RUSSIA’S CIVILIZING MISSION AND POLICY OF CHRISTIANIZATION OF THE KAZAKHS IN THE SECOND HALF OF THE 19 th AND BEGINNING OF THE 20 th CENTURIES.....	91
<i>Zholseitova M.A.</i> SOCIO-POLITICAL TRANSFORMATION OF THE TURKIC-MUSLIM SOCIETY IN THE INTELLECTUAL HERITAGE OF THE ALASH MOVEMENT.....	107
<i>Сабитов Ж.М., Каратаев А.А.</i> О ПРОИСХОЖДЕНИИ И ИСТОРИИ ПЛЕМЕНИ АРГЫН.....	118
<i>Бимақанова З.Ш., Мұқанова Г.Қ., Нұрғалиева Ф.М.</i> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «КІШІ ҚАЗАН» ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕ ПӘНАРАЛЫҚ ТӘСІЛДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ МЕН ПРИНЦИПТЕРІ.....	132
<i>Ахметова Г.М.</i> ТОРГОВО-ЭКОНОМИЧЕСКОЕ РАЗВИТИЕ КАЗАХСТАНА В XIX – НАЧАЛЕ XX ВЕКА: ОТЕЧЕСТВЕННАЯ И ЗАРУБЕЖНАЯ ИСТОРИОГРАФИЯ.....	142

Ермаханова М.А., Абдразақова А.Ө., Айтуар Б.М. АҢЫЗ ЖӘНЕ ШЫНДЫҚ: ТЕМІРБЕК ЖҮРГЕНОВТИҢ ТҮЛҒАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	161
Махамбетова Л.А., Мейрманова Г.А. У.Х. ШӨЛЕКЕНОВТИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚТАР МЕН ҚАРАҚАЛПАҚТАРДЫҢ ШАРУАШЫЛЫҚ ЖҮЙЕСІ.....	174
Байжанова А.Ә., Шашаев Ә.Қ., Әділбекова З.Ә. XX ҒАСЫРДЫҢ 20–30 ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОҚУ-АҒАРТУ МӘСЕЛЕЛЕРІ: ТАРИХИ ТАЛДАУ.....	185
Ошан Ж., Кенжеахмет Н., Қадылбек М. «ИМПЕРАТОР ГУАНСЮЙ БИЛГІ ТҰСЫНДАҒЫ СОЛТҮСТІК-БАТЫС ШЕКАРА ДЕЛИМИТАЦИЯЛЫҚ КАРТАСЫНЫҢ ҚЫТАЙША АУДАРМАСЫНДА» КӨРСЕТІЛГЕН ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШЫҒЫС ШЕКАРАСЫНА ҚАТЫСТЫ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАЛАР.....	199
Zholdas A.K., Amirbek A.A., Kumganbayev Zh. K. THE ROLE OF HISTORY TEACHING IN FORMING THE KAZAKH INTELLIGENTSIA (1918–1927 YEARS).....	210
Саркенова К.А., Әбенова Б.С. БАТЫС СІБІР: ӘКІМШІЛІК-ТЕРРИТОРИЯЛЫҚ БӨЛІНСІ, ҚАЗАҚТАРДЫҢ ОРНАЛАСУЫ (XVIII Ғ. СОҢЫ – XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	219
Mirzakulova R.M., Alpysbayeva N.K. SCHOLARS' PERSONAL FUNDS IN THE SCIENTIFIC ARCHIVE OF "GYLYM ORDASY" AS A PHENOMENON OF HISTORICAL MEMORY.....	234
Абдукадыров Н.М., Қалдыбаева С.С., Көбесова А.С. ОСМАН МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРТА АЗИЯ ХАЛЫҚТАРЫ АРАСЫНДА ОҚУ-АҒАРТУ САЛАСЫНДАҒЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ (XIX Ғ. СОҢЫ – XX Ғ. БАСЫ).....	249
Ауанасова К.М., Ауанасова А.М., Бадиев А.М. ВКЛАД СЕРАЛИ ЛАПИНА В ПРАВОВОЙ МОДЕРНИЗМ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ СОВЕТСКОЙ ВЛАСТИ (НА ОСНОВЕ АНАЛИЗА ЗАПАДНОЙ И РОССИЙСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ).....	266
Akhmetova Zh.K., Abdrazakova A.U. THE KAZAKHSTANI VARIANT OF THE SOVIET NATION-BUILDING PROJECT IN THE CONTEXT OF IMPERIAL LEGACY AND SOCIALIST MODERNIZATION (1920–1940).....	276
Azretbergenova E.Zh., Baigarayev N.A. ISSUES OF CULTURAL POLICY AND NATIONAL IDENTITY IN THE PERIOD BETWEEN THE KAZAKH AUTONOMOUS SOVIET SOCIALIST REPUBLIC AND THE KAZAKH SOVIET SOCIALIST REPUBLIC.....	288

Дюсенова Н.К. ТҮРІК ЗЕРТТЕУШІЛЕРІНІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ АШАРШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕСІ.....	303
Есенаманова А.С., Қалыш А.Б., Исаева А.И. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ КІЛЕМ ТОҚУ ДӘСТҮРІН ЗЕРТТЕУ ТАРИХНАМАСЫ: ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МУЗЕЙЛІК ТҮРҒЫДАН ШОЛУ.....	312
Сарсенбаев А.Б., Оспанов Е.Б. ҚАЗАҚ ШЕЖІРЕСІ ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ДЕРЕККӨЗІ РЕТІНДЕ.....	325
Турекеев К.Ж. НАРЕЧЕНИЕ ИМЕНИ У КАРАКАЛПАКОВ НАВОЙСКОЙ И САМАРКАНДСКОЙ ОБЛАСТЕЙ: ТРАДИЦИИ И СОВРЕМЕННЫЕ ТЕНДЕНЦИИ.....	333
Шамшетдинова Д.И. УСПЕХИ И НЕДОСТАТКИ РАЗВИТИЯ СФЕРЫ БЫТОВОГО ОБСЛУЖИВАНИЯ В СЕЛЬСКОЙ МЕСТНОСТИ КАРАКАЛПАКСТАНА В 1960–80-Е ГГ.....	343
Мұхатова О.Х., Қаипбаева А.Т., Саипова К.Д. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1920–1930 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАНАСЫЗ БАЛАЛАР ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУДІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ МЕТОДОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	353
Қабдолдина К.Қ., Құндақбаева Ж.Б. ДІНИ ПАРЫЗ БЕН ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ ҚАУІПТЕР АРАСЫНДА: ХІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХХ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗЫЛЫҚҚА САНИТАРЛЫҚ БАҚЫЛАУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚИЫНДЫҚТАРЫ.....	367
Қалишабаев А.Ж., Елеуов М.Е. Т.Н. СЕНИГОВА: БАТЫС ЖӘНЕ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ЭКСПЕДИЦИЯЛАРЫНЫҢ ҒЫЛЫМИ ЖАҒАЛЫҚТАРЫ (1950–1970 ЖЫЛДАР).....	378
Кенжебаев Ф.Қ. Сайфулмаликова С.С. БӨКЕЙ ОРДАСЫНДАҒЫ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУ: ИНСТИТУЦИОНАЛДЫҚ, ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ МӘДЕНИ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНА ПӘНАРАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	387
Темирханова А.С., Альбина Абеновна Максүтова А.М., Исакаева А.М. ҚАСЫМ ЕРТІСБАЕВ ТҮЛҒАСЫ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ДІНИ-АҒАРТУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР КОНТЕКСІНДЕ.....	400
Мухамадеева И.А., Кенжебек Д.К., Жаксыбаева А.А. ОБЩЕСТВЕННО-ПОЛИТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА «КАЗАХ» (1913–1918 ГГ.) КАК ОДИН ИЗ ИСТОЧНИКОВ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	410

Ш.Ш. Уәлиханов ат. Тарих және этнология институты
Алматы қ., Шевченко көш., 28
Тел/факс: +7 727 261 67 19
e-mail: kazhistory@bk.ru
